

## Ерейментау ауданының Сілеті ауылының аумағындағы шектеу іс-шараларын алу туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Сілеті ауылы әкімінің 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 5 шешімі

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабындағы 8) тармақшасына сәйкес, "Ерейментау аудандық аумақтық инспекциясы Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті" мемлекеттік мекемесінің шектеу іс-шараларын алу туралы 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 01-30-432 ұсынысы негізінде Сілеті ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ерейментау ауданының Сілеті ауылының аумағындағы шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Сілеті ауылы әкімінің "Ерейментау ауданының Сілеті ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2014 жылғы 02 маусымдағы № 4 шешімінің (№ 4222 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде тіркелген, "Ереймен"-"Ерейментау" газеттерінде 2014 жылғы 14 маусымда жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

*Сілеті ауылының  
әкімі*

*Ж.Амангелдінов*